

**2023 жылғы Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің жанындағы 8D073 Сәулет және құрылыс
(8D07365 -Құрылыс, 8D07366 - Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және
құрастылымдарын өндіру) кадрларды даярлау бағыты бойынша
Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (қазіргі: Ғылым және жоғары білім министрлігі) Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Төрағасының 2022 жылдың 11 шілдесіндегі №315 бұйрығы негізінде ашылды. Диссертациялық кеңестің қызмет ету мерзімі - 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы университет ректоры Каримова Бейбіткүл Сарсемханқызының 2022 жылғы 31 тамыздағы №256 – ғж бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде бекітілді.

1. Өткізілген отырыстар саны: Барлық өткізілген ДК отырысының саны 3. Отырысқа диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы қатысты:

1. Бисенов К.А. – т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, төраға;
2. Нарманова Р.А. – т.ғ.к., доцент, ғалым хатшы;
3. Удербасов С.С. – т.ғ.д., профессор, төраға орынбасары;
4. Нугужин Ж.С. – т.ғ.д., профессор, кеңес мүшесі;
5. Сактаганова Н.А. – PhD, қауымдастырылған профессор, кеңес мүшесі.

2023 жылғы 17 ақпанда өткен 1-ші отырыста (№1 хаттама) ДС мүшелері Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №7 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кейбір бұйрықтарымен танысты. Атап айтқанда, «Дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» ережеге қорғауға жіберу үшін Жарияланымдар бойынша, диссертациялық кеңестер құру мерзімдері және оның құрамы бойынша, ғылыми басылымдарда диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау бойынша, қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талап бойынша өзгерістер енгізілді. Диссертациялық кеңестің мүшелері 8D073-Сәулет және құрылыс кадрларын даярлау бағыты бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдардың тізбесімен танысты. Екінші мәселе диссертациялық Кеңестің жұмыс жоспарын және 2023 жылға арналған диссертациялық жұмыстарды қорғау жоспарын талқылады.

ДК-тің 2-ші отырысы 2023 жылғы 13 қарашада өткізілді (№2 хаттама). Отырыстарда ғалым хатшы диссертациялық кеңес мүшелерін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Әділет Жүнісұлы Тойбаевтың ғалым хатшылармен кездесуінің қорытындыларымен таныстырды. Комитет төрағасы А. Тойбаевтың диссертациялық кеңестердің қызметіне мониторинг жүргізу нәтижелеріне тоқтала отырып, келесідей мәселелерге назар аударуын ұсынғаны туралы айтылды:

* диссертацияларды қорғау туралы ақпараттар университеттің сайтында толық көрсетілмейтіндігіне;

* Диссертациялар бойынша рецензенттер қорытындысының біркелкілігіне (ұқсастығына);

* Диссертацияларды қорғауды офф-лайн режимінде жүргізуге;

* Плагиатқа қарсы анықтаманы дұрыс рәсімдеуге (мысалы, тексеру күнін және тіркеу күнін көрсету);

* Изденушінің аттестаттау ісінің Комитетке жіберілуін диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының орындауын қадағалауды.

ДК-тің 3-ші отырысы 2023 жылғы 14 желтоқсанда өткізілді (№3 хаттама).

2023 жылға жоспарланған ізденушілердің диссертацияларын қорғауды ұйымдастырудың негізгі мәселелері және орындалмау себептері талқыланды.

Изденушілер Г.Жакипова мен А.Дильманова 2023 жылғы маусымда "EVERGREEN" журналында мақалалар жариялады. 10, Issue 02, - PP. 830-841, June 2023. "Evergreen" журналы Скопус базасына кіреді (перцентиль 53). Сол кезде диссертациялар бойынша пысықтау қажет болды. Сондықтан қорғау 2024 жылға ауыстырылды. Докторант Айжан Өткелбаеваның жоспарланған қорғауы болған жоқ. Себеп, босанғанға дейінгі демалысқа шығуы және бала күтімі бойынша демалыста болуы ізденушіге кафедрада алдын ала қорғаудан өтуге және ДК-ке ұсыну үшін құжаттарды дайындауға мүмкіндік бермеді.

Осы мәжілісте PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғаудың 2024 жылға арналған жоспары және 2023 жылда жүргізілген жұмыстары туралы есеп қаралды.

Есепті кезеңде докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысы өткізілген жоқ.

2. Диссертациялық кеңес мүшелерінің диссертациялық кеңес отырысының жартысына қатыспағандарының аты-жөні – жоқ.

3. Докторанттардың оқу орындары көрсетілген тізімі

№	Докторанттың аты-жөні	Оқу орны	Шифр, мамандық	Жоспарланған қорғау уақыты
1	Жақыпова Г.	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Наурыз, 2024 ж.
2	Өткелбаева А.	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Маусым, 2024 ж.
3	Ділманова А.	Қорқыт ата атындағы ҚУ	6D073000 – Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру	Қазан, 2023ж.

2024 жылға 3 ізденушінің диссертациясын қорғау жоспарлануда. Барлық үміткерлерде Scopus дерекқорында CiteScore бойынша 25 перцентильден көрсеткіштері төмен емес және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалары бар.

6.Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- Изденушінің жариялануын ынталандыру үшін Scopus конференцияларында жарияланған ғылыми мақалаларды уәкілетті орган ұсынған мақалалар ретінде теңестіруді ұсынамыз (егер диссертация тақырыбы бойынша мақала болса).

Диссертациялық кеңестің төрағасы



Signature of Bisenov K.A.

Бисенов К.А.

Диссертациялық кеңестің ғалым-хатшысы

Signature of Narmanova P.A.

Нарманова Р.А.

2023 жылғы «29» XII